



«Астана Медицина Университеті» КеАҚ Қоғамдық денсаулық және эпидемиология кафедрасы

Эпидемиология пәні

№3 практикалық сабақ. Жұқпалы аурулардың эпидемиологиясы. Инфекция эпидемиологиясы, медициналық көмек көрсетуге байланысты (ЖМАЖ).

Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау. Жұқпалы ауруларды спецификалық алдын алу негіздері. Профилактикалық егулерді ұйымдастыру.

Орындады: Толаметов Илхамжан, 108 ЖМ
Қабылдады: Зарина Ибрагимовна

Нұр-Сұлтан 2021

Жоспар:

- I. Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау;**
- II. Жұқпалы ауруларды спецификалық алдын алу негіздері;**
- III. Профилактикалық егулерді ұйымдастыру.**



I. Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау;

Эпидемиологиялық процесті басқару құрылымы өз ішінде екі құрылымшаға бөлінеді:

- ✓ Эпидемиологиялық қадағалау;
- ✓ Эпидемиологиялық бақылау;

Осы жерде эпидемиологиялық процесс терминіне тоқталайық!

Эпидемиологиялық процесс –жүкпалы аурулар қоздырғышының халық арасында таралуы болып табылады.



I. Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау;

Эпидемиологиялық бақылау – бұл профилактикалық және эпидемияға қарсы ісшаралар жүйесі.

Эпидемиологиялық қадағалау (мониторинг) – белгілі аурудың немесе эпидемиологиялық жағдайдың, белгілі бір аумақтағы профилактикалық және эпидемияға қарсы ісшаралардың кешені.



Ал ДДСҰ анықтамасына сәйкес, **Эпидемиологиялық қадағалау** – бұл жүйелі үздіксіз жинақ, белгілі ісшаралар қабылдау мақсатында қызығушы топ арасында ақпаратты уақытылы тарату, сәйкестендіру және ақпаратты сараптау.

I. Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалау;

Эпидемиологиялық қадағалау түрлері:

✓ Бақылаушы;


✓ Белгілі немесе толық емес.

- 1. Бақылаушы эпидемиологиялық қадағалау** популяция таңдауға негізделген, белгілі топтың сәйкестік тәжірибесіне көзқарас қалыптастыру үшін қадағалау.
- 2. Белгілі (толық емес) эпидемиологиялық қадағалау** шектелген аумақта ақпарат жинау немесе мәселе жағдайының толық индикаторы бола алатын, адамдар популяциясының белгілі бөлігінен ақпарат алуды көздейді. Сонымен қатар зерттелетін популяция барлық популяция үшін репрезентативті болуы керек.

Эпидемиологиялық қадағалау




I. Жұқпалы ауруларды спецификалық алдын алу негіздері;



Жұқпалы аурулар – бүгінгі күнде ең қауіпті аурулардың бірі болып табылады. Аурудың ерекшелігі: олар адамнан адамға жұғу арқылы үлкен аумақтарға таралуы мүмкін.

Жұқпалы аурулар дегеніміз – бұл ауруды тудыратын микроорганизмдердің кесірінен пайда болатын және жұқтырған адамнан (немесе жануардан) сау адамға берілетін ауру түрлері.



Жұқпалы аурулардың таралу жолдары:

Ауамен тасымалданатын аурулардың (тұмау, туберкулез, көкжөтел, дифтерия, қызылша және т.б.) алдын алу үшін бөлмені желдету, маска кию және адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болу керек.

Тамақ арқылы келетін дерттерді (ішек инфекциялары, сальмонеллез, дизентерия, вирустық гепатит А) болдырмау үшін жеке гигиена, қолды жуу, және бөлмеде шыбындардың болмауы маңызды;



Жұқпалы аурулардың алдын алу

Жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарының ең басты ережесі жеке гигиенаны ұстану болып табылады. Өнімдерді пісірер алдында мұқият жуып отыру керек. Тамақтанудың алдында, дәретханадан шыққан соң және даладан келгеннен кейін міндетті түрде қолдарыңызды жуыңыз. Үй-жайды желдету, шаңды сүрту, едендерді тазалау, басқа адамдардың киімін кимеу және жеке гигиена заттарын қолдану қажет. Дұрыс тамақтанып, иммунитетті көтеру керек. Вирустық жұқпалы ауруларды алдын алуды ерте балалық кезеңнен бастау керек. Ағзаның вирустық инфекцияларға қарсы тұру қабілетін арттыру керек. Егер отбасыңызда ауру адамыңыз болса, оны сау баладан аулақ болатындай етіп оқшаулау керек. Бөлмеге үнемі ауа кіргізу патогендік вирустардың санын азайтуға көмектеседі. Науқас жеке ыдыс-аяқты, сүлгіні және сабынды қолдануы қажет.

Профилактикалық егулерді ұйымдастыру және жүргізу:

- ✓ Есепке алу;
- ✓ Әр баланың құжатын толтыру;
- ✓ Вакцинация алған және мезгілімен алмаған балалардың есебін жүргізу;
- ✓ Вакцинация жоспарлау және есеп беру;
- ✓ Емханада тиімді және қауіпсіз иммундауды қамтамасыз ету үшін сапалы вакциналар болу тиісті.



Вакцинация

Егу туралы мәліметтер: салу күні, препараттың атауы, еңгізу әдісі, серияның нөмері, мөлшері, сақтау мерзімі, шығарған кәсіп орны, салғаннан кейінгі реакциясы.

Вакцинацияның алдында дәрігер:

Ата анадан бала жағдайы туралы сұрайды;

Объективті қарайды, температурасын өлшейді;

Болуы мүмкін реакциялар және дәрігер келгенше алғашқы көмек көрсету туралы информацияны береді.



Әдебиеттер:

Интернет желісі
Yandex.com

Назарларыңызға рахмет!!!

